

**"Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының Республика Конституциясына сәйкестігі туралы**

Қазақстан Республикасы Конституациялық Кеңесінің Қаулысы 1999 жылғы 29 шілде N 16/2

Қазақстан Республикасының Конституациялық Кеңесі Төраға Ю.А.Ким, Кеңес мүшелері Н.І.Өкеев, Ж.Д.Бұсырманов, А.Есенжанов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан құрамда және мына өкілдердің:

Мемлекет басшысынан - Республика Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік-құқықтық бөлімі менгерушісінің бірінші орынбасары Т.С. Донаковтың;

Қазақстан Республикасының Парламентінен - Сенаттың аймақтық даму және өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі комитетінің мүшесі А.В. Белоглазовтың, Мәжіліс Аппаратының бас сарапшысы К.Ф.Елкиннің;

Республика Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитетінен - аңшылық ресурстары бөлімінің бастығы К.О.Елубаевтың қатысуымен, өзінің ашиқ отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің "Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының конституциялығын тексеру туралы өтінішін қарады.

Колда бар материалдарды зерделеп, баяндамашы Қ.Ә.Омархановтың хабарын, өтініш субъектісі өкілінің және отырысқа қатысуға шақырылғандардың сөздерін тыңдал, Қазақстан Республикасының Конституациялық Кеңесі мынаны анықтады:

1. "Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері туралы" Заңының жобасын Республика Парламенті депутаттарының бір тобы 1998 жылғы 29 қыркүйекте Мәжіліске енгізген болатын. Республика Парламенті 1999 жылғы 24 маусымда бұл Занды қабылдаған және 1999 жылғы 1 шілдеде Мемлекет басшысының қол қоюына ұсынған.

Конституцияның 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Республика Президенті үстіміздегі жылдың 19 шілдесінде жоғарыда аталған Занды Республика Конституциясына сәйкестігі түрғысында қарау туралы Конституациялық Кеңеске өтініш жолдады.

2. Конституациялық Кеңес "Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері туралы" Заңының Республика Конституциясына сәйкестігін тексереп отырып, оның нормаларын сараптау бірнеше аспектілерді анықтағанына назар аударды

Бірінші - қамаудағы немесе жартылай қамау жағдайындағы, сирек кездесетін және

құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлеріне меншік иелерін анықтаудағы Республика Конституциясының 6-бабының 3-тармағына Заңының 3-бабы екінші тармағының сәйкестігі.

Екінші - жануарлардың бұл түрлеріне меншік құқығы пайда болуының конституциялылығы.

3. Республика Конституциясы 6-баптың 3-тармағында "жануарлар дүниесі" ұғымын пайдалана отырып, оның мағынасын ашпайды. Бұл ұғымды түсіндіру қолданылып жүрген зандарда беріледі.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына сәйкес жануарлар дүниесіне құрғақта, суда, атмосферада және жер қыртысында табиғи еркін жағдайда тұрақты немесе уақытша мекендейтін барлық жабайы жануарлар (сүт қоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қос мекенділер, балықтар, сондай-ақ ұлу тектілер (моллюскалар), шыбын-шіркейлер (насекомдар) және басқалар) жатады.

Дәл осындай құқықтық мағынаны Конституцияның 6-бабы 3-тармағының контекстіндегі "жануарлар дүниесі" ұғымына салу қажет. Бұдан ауқымдырақ түсіндіру өрескелдеу болып көрінеді және адамның, азаматтың, сондай-ақ, мемлекеттен басқа, өзге субъектінің өз меншігінде жануарларға, мәселен, қолға үйретілген, ие бола алмауына әкеліп соқтырады.

Баяндалғанның негізінде, Республика Конституциясының 6-бабы 3-тармағының сәйкес нормасы қамауда немесе жартылай қамау жағдайында ұсталатын, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне жатқызылған жануарларға меншікті құқықтық мағынамен қамтымайды, және, демек, оның мемлекеттік те, жеке түрінің де болуын көзде тұтады деп түйіледі.

Сонымен бірге, "Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері туралы" Заңының 3-бабының екінші тармағы сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне жатқызылған, қамауда немесе жартылай қамау жағдайында ұсталатын жануарлардың заңды және жеке тұлғалардың меншігі болып табылуын белгілейді. Бірақ, бұл жануарларды, сондай-ақ, меншіктік құқықтары жоқ, жедел басқару құқының немесе шаруашылықты менгеру құқының субъектілері ғана болып танылатын мемлекеттік заңды тұлғалардың да ұстауы мүмкін екендігін атап өту қажет (Республика Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 192, 196 және 202-баптары).

Жоғарыда аталған Заңының 3-бабының екінші тармағына сай мемлекет бұл жағдайда сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, қамауда немесе жартылай қамау жағдайында ұсталатын жануарлар түрлеріне меншік иесі бола алмайды.

Мұнда Конституциялық Кеңес мемлекеттік меншік пен жеке меншіктің бірдей дәрежеде танылуын және бірдей қорғалуын белгілейтін Республика Конституциясының 6-бабы 1-тармағының талаптарын бұзуды көріп отыр.

4. Республика Конституциясының 6-бабының 2-тармағы мен Азаматтық кодекстің (

жалпы бөлім) 188-бабының 1 және 2-тармақтарынан меншік құқы тек заңды негіздерде ғана туындауының мүмкін екендігі келіп шығады.

Алайда сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, қамау немесе жартылай қамау жағдайындағы жануарларға меншік құқын қарастырып отырған Заң оларды белгіленген тәртіппен ұсташа фактісімен ғана байланыстырады (3-баптың екінші тармағы). Бұл тұста аталған нормада заңдылық принципі еленбей отыр, себебі бұл жануарларды ұсташа фактісінің өзі мүлікке заңды түрде иелік етуге заң жүзінде қамтамасыз етілген негіз болып табыла алмайды.

Сонымен, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі "Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Республика Конституациясының 6-бабы 1 және 2-тармақтарының талаптарына қайшы келеді деп санайды.

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Конституациясының 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 2-тармағының 1) тармақшасы мен 32, 33 және 37-баптарын басшылыққа ала отырып Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Парламенті 1999 жылғы 24 маусымда қабылдаған және 1999 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюна келіп түскен "Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Конституациясына сәйкес емес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституациясының 74-бабының 3-тармағына

сәйкес осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндепті және Қазақстан Республикасы Конституациясының 73-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларды ескеріп, түпкілікті болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы

Оқығандар:
Қасымбеков Б.А.
Нарбаев Е.Ә.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК